«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№3 Хромтау орта мектебі» КММ

Педагогтерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату комиссиясы отырысының №1 хаттамасы

25 тамыз 2023 жыл
№3 Хромтау орта мектебі

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Хатшы: Бітімбай А.С
Қатысқандар саны: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру ұйымы басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (бастауыш сыныптар) бос лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттың құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Казиева Н.С - комиссия төрағасы, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына *(өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж.22.12. № 513)* 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі»-нің 1-параграфы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» негізінде білім беру ұйымы басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (бастауыш сыныптар) бірлігі бойынша бос орынға 2023жылдың 14-22 тамыз аралығында конкурс жарияланып, 1(бір)өтініш пен құжаттар түсіп отыр.
Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қабылданған кандидаттар құжаттарының "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100)бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарады.

Кандидат құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, аталған қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына ұпайлар қойылып, есептеу жүргізіледі.Комиссияның шешімі осы бағалау парағында жинаған балл негізінде шығарылды.
Конкурсқа түскен педагог
1)Кукенова Нурзинаш Ергеновна – білім беру ұйымы басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (бастауыш сыныптар)лауазымына үміткер.

2. Мусина Г.А комиссия мүшесі, химия пәні мұғалімі
Конкурсқа қатысушы Кукенова Нурзинаш Ергеновнаның білімі жоғары. Аталған маман 2021 жылы С.Байшев ат Университетті «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша аяқтаған.№3 Хромтау орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасайды. Педагог-сарапшы біліктілік санаты бар. Еңбек өтілі 12 жыл. Білім беру ұйымы басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (бастауыш сыныптар) лауазымына үміткер. Үміткердің өзін бағалау парағына қойған жалпы ұпайы - 18 балл. Үміткердің құжаттарын тексеріп, сәйкестігін қарау қажет.

3.Кеукенова Г.Н - комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы
Комиссия "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100) бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3 тарауының 14 параграфы бойынша сәйкестігін тексеріп, кандидаттардың бағалау парағы қаралды.
Педагогтің құжаттарын тексере келе төмендегі бағалау парағына қойған ұпай сандары бойынша құжаттар қайта тексеріліп комиссия мүшелері қорытынды ұпайлар қойды:
Кукенова Нурзинаш Ергеновна – білім беру ұйымы басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (бастауыш сыныптар)- 18 ұпай

Өтініш білдірген педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері қарай келе, жеке дауысқа сала отырып, комиссия шешім етті:

ШЕШІМ:

1. Конкурсқа қатысқан төмендегі педагог конкурстан «өтті» деп есептелсін және бос орынға тағайындауға ұсынылсын.

1) **Кукенова Нурзинаш Ергеновна** - білім беру ұйымы басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары (бастауыш сыныптар)

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Комиссия мүшелері: Алтынбекова А.Н
Кеукенова Г.Н
Мусина Г.А
Жақсылықызы Ү

Хатшы: Бітімбай А.С